



**Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қагидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-308/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21859 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 212 - бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10 - бабының 1) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде ол туралы жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қагидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет - ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице - министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Денсаулық сақтау министрі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

2020 жылғы 21 желтоқсандағы

№ ҚР ДСМ-308/2020 бүйрүккә

қосымша

**Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 212 - бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Зан) 10 - бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету тәртібін айқындайды.

2. Трансплантаттау мақсатында қайтыс болғаннан кейін ағзаларын (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндерін (тін бөлігінің) алудан бас тарту немесе келісімі туралы адамның ерік білдіруін тіркеу медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға (бұдан әрі – МСАК) тікелей жүргіну кезінде немесе "электрондық үкімет" веб - порталында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісу құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген кәмелетке толған және іс - әрекетке қабілетті адамдардың деректер базасы – тіркелімінде жүргізуі мүмкін.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтардың тіркелімі (бұдан әрі – Тіркелім) – "Бекітілген халық тіркелімі" (бұдан әрі – БХТ) мемлекеттік

ақпараттық жүйесіндегі модуль түрінде құрылған, трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім беру құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген, кәмелетке толған және іс - әрекетке қабілетті адамдардың деректер базасы;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) қайтыс болғаннан кейінгі донор - он сегіз жастағы және одан үлкен, миының біржола семуі расталған, ағзалары (ағзасының бөлігі) және (немесе) тіні (тіннің бөлігі) реципиентке трансплантаттау үшін пайдаланылуы мүмкін адам;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

6) мидың біржола семуі – ағзалардың функцияларын қолдау жөніндегі шаралар жүргізілуі мүмкін, мидың бүкіл заттарының семуімен қатар жүретін, ми қызметінің толықтай жоғалуы;

7) өтініш беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) – трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім беру құқығын жүзеге асыруға ерікті түрде ниет білдірген, кәмелетке толған және іс-әрекетке қабілетті адам;

8) өңірлік трансплантаттауды үйлестіруші – Үйлестіру орталығының штаттағы қызметкері болып табылатын, облыс орталықтарындағы, респубикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау саласындағы

медицинадың үйымдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін дәрігер;

9) респубикалық трансплантаттауды үйлестіруші (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) – Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығының штаттағы қызметкері болып табылатын, өнірлік трансплантаттауды үйлестірушілердің жұмысын үйлестіруді және трансплантаттау қызметінің мәселелері жөніндегі медициналық үйымдардың ведомствоаралық тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін дәрігер;

10) Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығы – ағзаларды (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндерді (тін бөлігінің) трансплантаттауды үйлестіру және сүйемелдеу мәселелерімен айналысатын денсаулық сақтау үйымы, ол туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

11) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба күралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

4. Дербес деректерді жинау, өндеу және қорғау Кодекске және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 23 және 29 - бабтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**2-тарау. Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөніnde жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету тәртібі**

5. "Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бастарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) МСАК немесе "электрондық үкімет" веб-порталында (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы тіркелу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші жүгінеді және осы Қағидаларға 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бастартуды немесе келісім алуды тіркеу үшін өтініш толтырады.

6. Процестің сипаттамаларын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай - ак, мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері есепке алынған басқа мәліметтер "Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі

кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде осы Қағидаларға 3 - қосымшаға сәйкес келтірілген.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді қабылдау, Тіркелімде өтініштерді тіркеу және тіркеу туралы анықтамалар беру үшін жауапты тұлғаны бірінші басшының бүйрығы арқылы бекітеді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынған, оны БХТ - ға тіркелгенін растиған және дербес деректері сәйкес келген жағдайында МСАК жауапты адамы тіркелімге мынадай деректерді:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН);

2) өтініштің электрондық көшірмесін (сканерден өткізілген құжат) енгізеді.

9. Тіркелімде көрсетілетін қызметті алушының мынандай өтініштері тіркеледі:

1) трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту туралы;

2) трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісім туралы.

10. Мәліметтерді Тіркелімге енгізгеннен кейін МСАК жауапты адамы бір жұмыс құні ішінде мөрмен бекітілген, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысан бойынша МСАК басшысының қолы қойылған, трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуын немесе келісім беруін тіркеу туралы тиісті анықтаманы береді.

11. Көрсетілетін қызметті алушы тізімге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбаған және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда МСАК ұйымының жауапты адамы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

12. Өтініш электрондық түрде берілген кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ - мен қол қойылған порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінішті қалыптастырады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

14. Заңның 5 - бабы 2 - тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді енгізу "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) қамтамасыз етіледі.

15. Денсаулық сақтау үйымдарына және мамандарына ақпараттық қызметтер көрсететін республикалық мемлекеттік денсаулық сақтау үйымы (бұдан әрі – ақпараттық қызмет жөніндегі үйым) трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына азаматтардың тірі кезінде ерік білдіруін тіркеу және есепке алу үшін:

1) уәкілетті адамдарына ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтар туралы мәліметтерді қарау құқығымен Тіркелімге уәкілетті орган Кодекстің 210 - бабының 4 - тармағына сәйкес тәртібімен рұқсат береді;

2) ақпараттық қызмет жөніндегі үйымның филиалдары "Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына құқық білдірген азаматтар тіркелімінің әкімшісі" ретінде МСАК жауапты қызметкерлеріне тіркелімге рұқсат береді.

16. МСАК өтініш берушінің қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа тірі кезінде ерік білдіруін тіркеу және өтінішті тіркеу туралы анықтама беру мақсатында ақпараттық қызмет жөніндегі үйымның филиалдарына оларға Тіркелімге рұқсат беру үшін тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелерімен бірге өзінің жауапты қызметкерлерінің тізімдерін ұсынады.

17. Трансплантаттау жөніндегі үйлестіру орталығы ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі үйымға қайтыс болғаннан кейінгі донордың тірі кезінде ерік білдіруінінің мәліметтерін қарау мақсатында Тіркелімге қол жеткізуді ұсыну үшін тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесімен бірге уәкілетті тұлғалардың тізімін ұсынады.

18. Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісімі болған жағдайында, өнірлік трансплантаттаушы үйлестіруші ол жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін алты сағат ішінде

хабардар етеді және танысуға бұл туралы Тіркелімнен көшірмесін ұсынады, танысудан бас тартқан жағдайда сол туралы акт жасайды.

19. Жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар еткен соң, олар қайтыс болған адамның мәйітінен ағзаларды алуға келіспеуі немесе келісуі туралы осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда мәлімдеме береді.

**З-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым келтіру тәртібі**

20. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

21. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсетушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25 - бабының 2 - тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

22. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

23. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы нәтижелерге сот тәртібінде шағым келтіре алады.

ағзалардың (ағза бөлігінің) және  
(немесе) тіндердің (тін бөлігінің)  
қайтыс болғаннан кейінгі  
донорлығына адамның тірі  
кезінде ерік білдіруін беру және  
бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)  
немесе жақын туыстарының  
бірін хабардар ету Қағидаларға  
1 - қосымша  
Нысан

**Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің)  
қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуды тіркеуге арналған өтініш**

Мен,

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Туган күні \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

ЖСН \_\_\_\_\_

(жеке басын күеландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)  
Мен трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің  
(тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезімде бастартамын.



Дербес деректерімді енгізуге, жинауға, өндептеге және сақтауға келісім беремін.

(адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда)) қолы  
20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Көл қойылған күні

ағзалардың (ағза бөлігінің) және  
(немесе) тіндердің (тін бөлігінің)  
қайтыс болғаннан кейінгі  
донорлығына адамның тірі  
кезінде ерік білдіруін беру және  
бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)  
немесе жақын туыстарының  
бірін хабардар ету Қағидаларға

**Транспланттаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін болігінің) кайтыс болғаннан кейінгі донорлығына келісімді тіркеуге арналған өтініш**

Мен, \_\_\_\_\_  
(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
Тұған күні \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

ЖСН

(жеке басын куәландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)  
Төмендегі мүмкін нұсқалардың біреуін таңдаңыз:



1. Менің қайтыс болғандығым туралы факті белгіленген жағдайда кез келген ішкі ағзаларым және тіндерім трансплантаттау үшін алынуы мүмкін екенін раставмын (керегін белгілеу).

2. Төмендегілерден басқа, барлық ағзаларымды алуға болады (керегін белгілеу):



жүрек \_\_\_\_\_



бауыр \_\_\_\_\_



бұйрек \_\_\_\_\_



ұйқы безі \_\_\_\_\_



өкпе \_\_\_\_\_



көз алмалары \_\_\_\_\_



тіндер (тері, бұлшық еттер, шеміршек, сүйек тіні, қан тамыры)

Менің дербес деректерімді енгізуге, жинауға, өндегуге және сақтауға келісім беремін.

/ \_\_\_\_\_ /

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы ,

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

Кол қойылған күні

ағзалардың (ағза бөлігінің) және  
(немесе) тіндердің (тін бөлігінің)

кайтыс болғаннан кейінгі

донорлығына адамның тірі

кезінде ерік білдіруін беру және

бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)

немесе жақын туыстарының

бірін хабардар

ету Қағидаларға

3 - қосымша

Нысан

"Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алууды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Медициналық - санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымы.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) Мемлекеттік қызметті медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар; 2) "электрондық үкімет" веб - порталында.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы көрсету мерзімі - 1 (бір) жұмыс күні ішінде; 2) портал арқылы-құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минуттан аспайды; Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут

		Көрсетілетін қызметті беруші арқылы көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудін рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) /қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы мемлекеттік көрсетілетін қызметке 1 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тартуды тіркеу туралы анықтама; Осы мемлекеттік қызметке 2 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісімді тіркеу туралы анықтама.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында үзіліссіз сағат 8.00 - ден 20.00 - ге дейін, сенбі күні сағат 9.00 - ден 14.00 - ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. 2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Қызмет көрсетушіге: 1) көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын қуәландыратын құжат; 2) осы Қагидаларға 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініш. Порталға: 1) электрондық сұрау салу нысанындағы өтініш.
9	Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген деректердің (мәліметтің) дәйексіздігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алышының осы мемлекеттік қызмет стандартының 8 - тармағымен қарастырылған тізімге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбауы; 3) нақты МСАК медициналық ұйымына бекітілмеуі.
10	Оның ішінде, электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері	Көрсетілетін қызметті берушінің жайларында мүмкіндіктері шектеулі қызмет алушылар үшін Қызмет көрсету жағдайлары (пандустар мен лифттер) қарастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары арқылы алуға құқылы. Мемлекеттік қызметті көрсету сұрақтары бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің <a href="http://www.dsm.gov.kz">www.dsm.gov.kz</a> интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету сұрақтары жөніндегі бірыңғай

		есепке алынған байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. басқа талаптар
--	--	---

"Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке  
1 - қосымша  
Нысан

**Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі бас тартуды тіркеу туралы анықтама**

Күрметті \_\_\_\_\_

Сіздің трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі бас тарту туралы өтінішіңіз тіркелді.

Тіркелген күні: 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_.

МСАК ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты

қолы / \_\_\_\_\_ /

Алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымның мөрі

"Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке  
2 - қосымша  
Нысан

**Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезіндегі келісімді тіркеу туралы анықтама**

Күрметті \_\_\_\_\_

Сіздің трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезіндегі келісім туралы өтінішіңіз тіркелді.

Тіркелген күні: 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_.

МСАК ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты

қолы / \_\_\_\_\_ /

Алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымның мөрі

ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі

донорлығына адамның тірі  
кезінде ерік білдіруін беру және  
бұл жөнінде жұбайын (зайыбын)  
немесе жақын туыстарының  
бірін хабардар ету Қағидаларга  
4-қосымша

Нысан

**Трансплантаттау мақсатында ағзаларды (ағза бөлігін) және (немесе) тіндерді (тін бөлігін) алуға  
келісім/бас тарту туралы қолхат**

Мен,

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

ЖСН

(жеке басын күэландыратын құжаттың №, кіммен және қашан берілген)  
Мен қайтыс болған туысым

(туыстық дәрежесін, қайтыс болған адамның тегін, атын, әкесінің атын  
көрсету)

ағзаларын трансплантаттау мақсатында алуға келісім беремін/бас тартамын  
(астын сызу).

(адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) қолы

20 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Кол қойылған күні

Министр здравоохранения  
Республики Казахстан  
от 21 декабря 2020 года  
№ КР ДСМ-308/2020 бұйрықка  
2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған кейір  
бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантаттау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 11381 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 маусымда жарияланған).

2. "Қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 360 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 43 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16411 болып тіркелген, ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 3 сәуірде электрондық түрде жарияланған).

3. "Қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 360 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-50/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20662 болып тіркелген, ҚР НҚА Эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 20 мамырда электрондық түрде жарияланған).